

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Алиева Жанат Абилжановнаның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ІШКІРІ

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Алиева Жанат Абилжановнаның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты диссертациясында қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары мен оның қалыптасып, дамуының тарихи, көркемдік негіздері, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары мәселесі қарастырылған.

Осыған орай зерттеу жұмысында көне түркілік сарынның, ежелгі түркілік идеялардың XX ғасырға дейінгі қазақ әдебиетіндегі негізгі түр саналатын поэзиядағы көрінісі нақты әдеби материалдар мен ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып сараланған. Көркемдік негізі сақтар мен ғұндар сияқты біздің жыл санауымызға дейір өмір сүрген ежелгі түркі тайпаларының батырлық дастандары мен ұлы қағанат құрған көне түркілердің тасқа жазылған әдеби мұраларында қалыптасқан әдеби дәстүрлердің қазақ поэзиясында көрініс табуының өзіндік ерекшеліктері мен оның ұлт мұратын түзудегі ықпалы ғылыми-теориялық негізде қарастырылып, нақты мысалдармен тәжірибелік тұрғыдан зерттелген.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынның көркемдік дәстүр жалғастығы үрдістерімен үйлесім таба отырып, әдебиет тарихының дәуірлік кезеңдеріндегі поэзияның жанр және пішін жағынан дамуын, жекелеген авторлар шығармашылығындағы ежелгі дәуір әдеби мұраларының ықпалын саралай отырып, ұлттық әдебиеттің арғы тегін, алғашқы бастауларын тарихи тұрғыдан айқындау да зерттеу тақырыбының өзектілігін танытады.

Ұлттық әдебиеттанудағы қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселелеріне арнайы тоқтала отырып, әдеби дәстүрлердің қалыптасу заңдылықтары мен көркемдік ойлаудың даму эволюциясы негізінде туған жаңашылдықтардың көне түркілік әдеби мұралармен тығыз байланыстылығы да жүйелі талданған. Көркем мәтінді әдеби шығарманың негізі дейміз. Ал, көне түркілік әдеби жәдігерлер бізге ауызша, фольклорлық үлгіде емес, жазба мұра түрінде жетті. Бүгінгі ұлан-ғайыр Еуразия құрылығын мекендейтін көптеген түркі халықтарының түп атасы – көне түріктердің мемлекеттік тарихы, қоғамдық-әлеуметтік келбеті т.б. ерекшеліктері нақ осы көне жазбалар мәтіндеріне сүйене отырып жасалды. Бұл жаңа заман ғылымының орасан зор жетістігі болды.

Ежелгі дәуірдегі «Шу батыр», «Ергенекон» дастандары мен «Күлтегін», «Білге қаған» т.б. әдеби жазбалардағы батырлықты дәріптеу, елдікті аңсау идеяларының Ноғайлы дәуіріндегі «Қырымның қырық батыры» жырларында, қазақтың хандық дәуіріндегі жыраулар поэзиясында қайтадан

